



## **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-146 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 желтоқсанда № 30890 болып тіркелді

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің м.а.*

*Т. Султангазиев*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
м.а.

2022 жылғы 30 қарашадағы  
№ ҚР ДСМ-146 бұйрығына  
қосымша

## **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе)**

1. "Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020

жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген "Фтизиатрия" фтизиопульмонология орталығынан мәліметтер ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет тізбесінде баяндалған.";

көрсетілген Қағидаларға қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшамен бекітілген "Психиатрия" психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет тізбесінде баяндалған.";

Жоғарыда көрсетілген Қағидаларға қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықтың 3-қосымшамен бекітілген "Наркология" психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет тізбесінде баяндалған.";

Жоғарыда көрсетілген Қағидаларға қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Халықтың шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек алуға жататын жекелеген санаттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-106/2020 бұйрығына (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21254 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы ҚР ДСМ–174/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21572 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1–қосымшамен бекітілген скринингтік тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтары осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа скринингтік зерттеулерді өткізу қағидаларына, көлемі мен кезеңділігіне 1, 2, 3–қосымшалар осы Тізбеге 6, 7, 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшасымен бекітілген Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларында:

2-тармақта 7-тармақша алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес медициналық қызметті жүзеге асыратын медициналық ұйымдарда жүргізіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру" немесе "Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын беру" мемлекеттік қызметтерді алу үшін жеке тұлғалар (көрсетілетін қызметті алушы) денсаулық сақтау субъектісіне (көрсетілетін қызметті беруші) жеке басын куәландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) ұсына отырып жүгінеді.

Көрсетілетін қызметті беруші пациентке "Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру" немесе "Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын беру" мемлекеттік қызметтерді тікелей жүгінген кезде немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет тізбесінде келтірілген.

Өтінімді электрондық түрде берген кезде жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде немесе портал арқылы - жеке басты куәландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты тапсырған сәттен бастап 30 (отыз) минуттан аспайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық форматта алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ қойылған порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұрау салуды қалыптастырады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушілер "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

57-тармақтың 10-тармақшасы қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізілсін, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"10) эмбриондарды көшіру операциясын жүргізген кезде эмбрион ауыстырылған күннен бастап жүктілік фактісіне дейін операцияны жүргізген медициналық ұйым парағы немесе еңбекке уақытша жарамсыздық парағын береді.

Жаңа туған баланы (балаларды), сондай-ақ биологиялық ананы суррогат ана ретінде (асырап алған) перзентханадан тікелей бала асырап алған (асырап алған) адамдарға баланың туған күнінен бастап күнтізбелік елу алты күнге дейін бастап еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы беріледі.";

жоғарыда көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

жоғарыда Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының оқушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап тексерулер жүргізу қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген Қағидаларға қосымша осы Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ-34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27505 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережеге:

2-тармақтың 4-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

4) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – АОЖБ) – мүгедекті оңалтуды жүргізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін айқындайтын құжат.

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. ДКК міндеттері:

1) ДКК ұсынылған пациенттерге медициналық көмек көрсету сапасын бағалау;

2) ДКК-ға жіберілген пациенттерге емдеу-диагностикалық, оңалту іс-шараларын жүргізудің диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына, денсаулық сақтау саласындағы медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкестігін бақылау;

3) емдеу-диагностикалық, оңалту іс-шараларын жүргізудің диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына, ұзақ ауыратын (кемінде екі ай) пациенттерге денсаулық сақтау саласындағы медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкестігін бақылау;

4) мүгедектігі адамның АОЖБ - қа медициналық бөлігінің іске асырылуын бақылау;

5) пациенттерді МӘС-қа уақтылы және негізделген түрде жіберу;

6) АОЖБ-ның медициналық бөлігін қоса алғанда, пациенттерді МӘС-ке жіберу кезінде медициналық есепке алу құжаттамасын ресімдеу мерзімдері мен сапасын бақылау;

7) ДКК-ға жіберілген пациенттердің денсаулық жағдайын бағалау және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ДКК қорытындысын шығару;

8) еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын немесе анықтамаларын беруді және ұзартуды бақылау;

9) МӘС-ке негізсіз жіберуге талдау жүргізу және ДКК қызметін жақсарту жөнінде шаралар қабылдау;

10) ДКК құзыретіне жататын мәселелер бойынша МӘС аумақтық бөлімдерімен өзара іс-қимыл жасау.";

17-тармақтың 18-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) МӘС-ке консультация мақсатында жіберілген, үйде, стационарлық жағдайда немесе сырттай куәландыру (қайта куәландыру) қажет болған жағдайда, АОЖБ-ның әлеуметтік және кәсіптік бөлігін қалыптастыруға немесе түзетуге жіберілген жағдайларда жүргізіледі.";

жоғарыда көрсетілген Ережеге 2-қосымша осы Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27833 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларында қосымша:

қағидаларда 1-қосымша осы Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша мынадай жолдармен толықтырылсын:

|        |              |  |
|--------|--------------|--|
| 1504-1 | A02.095.000  | Консультация: есту протезі ( акустик)                                |
| 1504-2 | A02. 094.000 | Консультация: Сурдопедагог   |
| 1504-3 | D950.227     | Жол үсті аудиометриясы   |
| 1504-4 | D95.480.227  | Есту аппаратын баптау  |
| 1504-5 | D95.480.228  | Есту аппаратын таңдау  |
| 1504-6 | D95.480. 226 | Аудио (сөйлеу) процессорын қосу                                      |
| 1504-7 | D95.480.224  | Есту аппараттарының шығу деңгейін нақты құлақты өлшеу арқылы тексеру |

1386-жол мыналай редакцияда жазылсын:

|          |             |  |
|----------|-------------|--|
| 1386     | D00.121.027 | Балаларға арналған ингаляциялық наркоз   |
| 1386 - 1 | D00.121.028 | Ересектерге арналған ингаляциялық наркоз |

қағидалар 3-қосымшасын осы Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрлігінің  
кейбір бұйрықтарына  
өзгерістер енгізілетін  
тізбеге  
1-қосымша  
"Фтизиатрия"  
Фтизиопульмонология  
орталығынан мәліметтер ұсыну"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
қағидаларына 1-қосымша

**""Фтизиатрия" Фтизиопульмонология орталығынан мәліметтер ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

|    |   |  |
|----|---|--|
| 1. | Қызмет берушінің атауы  | Денсаулық сақтау ұйымдары  |
| 2. | Көрсетілетін қызметті алушының атауы  | Жеке тұлғалар  |
| 3. | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері  | www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы   |
| 4. | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі  | Көрсетілетін қызметті алушы порталға сұрау берген сәттен бастап – 30 (отыз) минут  |
| 5. | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны   | Электрондық (толық автоматтандырылған)   |
| 6. | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі   | Осы қойылатын негізгі талаптардың тізбесі қосымшаға сәйкес туберкулезбен ауыратын науқастардың динамикалық байқауда тұрғаны туралы (немесе динамикалық бақылаудың болмауы) қарау режиміндегі мәлімет |
| 7. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін  |
| 8. | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі  | Портал жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы  |
| 9. | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан  | Электрондық сұрау салу   |

|     |  |   |
|-----|--|---|
|     | талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі  |   |
| 10. | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | Сұрау салу жасалған адамның келісімінің болмауы   |
| 11. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар                    | <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың " жеке кабинеті", сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Үшінші тұлғалардың қызметті алу шарттары: Порталдағы "жеке кабинеттен" ұсынылған мәліметтер сұратылып отырған тұлғаның келісімі болған жағдайда, сондай-ақ порталдағы хабарламаға жауап ретінде бір реттік парольді беру жолымен немесе қысқа мәтіндік хабарламаны жіберу жолымен субъектінің порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Қолданылу мерзімі –күнтізбелік 10 күн.</p> |

"Фтизиатрия"  
 Фтизиопульмонология  
 орталығынан мәліметтер ұсыну"  
 мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
 көрсетуге қойылатын  
 негізгі талаптарға  
 2-қосымша  
 нысан



**Сведения/Мәлімет (туберкулезбен ауыратын науқастардың динамикалық бақылауда тұратыны немесе тұрмайтыны)**

Берілген күні \_\_\_\_\_

Дата выдачи

Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Ф.И.О. (при его наличии)

Туған күні \_\_\_\_\_

Дата рождения

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Адрес (место жительства)

Динамикалық бақылауда тұратыны (тұрмайтыны) \_\_\_\_\_ состоит/не состоит \_\_\_\_\_

На динамическом наблюдении

Деректер \_\_\_\_\_ ақпараттық жүйесімен берілген

Данные предоставлены информационной системой \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
денсаулық сақтау  
министрлігінің  
кейбір бұйрықтарына  
өзгерістер енгізілетін  
тізбеге  
2-қосымша

""Психиатрия" Психикалық  
денсаулық орталығынан  
мәліметтер  
ұсыну" мемлекеттік қызмет  
көрсету қағидаларына  
3-қосымша

**"Психиатрия" Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

|    |                                      |   |
|----|--------------------------------------|---|
| 1. | Қызмет берушінің атауы               | Денсаулық сақтау ұйымдары   |
| 2. | Көрсетілетін қызметті алушының атауы | Жеке тұлғалар   |
| 3. | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы          |
| 4. | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | Көрсетілетін қызметті алушы порталға сұрау берген сәттен бастап – 30 (отыз) минут |
| 5. | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны  | Электрондық (толық автоматтандырылған)  |
|    |                                      | Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет қойылатын негізгі                             |

|     |   |  |
|-----|---|--|
| 6.  | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі   | талаптардың тізбесінің қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы динамикалық байқауда тұрғаны туралы (немесе динамикалық бақылаудың болмауы) қарау режиміндегі мәлімет  |
| 7.  | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін  |
| 8.  | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі  | Портал жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы .  |
| 9.  | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі  | Электрондық сұрау салу   |
| 10. | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер  | Сұрау салу жасалған адамның келісімінің болмауы  |
| 11. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар   | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Үшінші тұлғалардың қызметті алу шарттары: Порталдағы "жеке кабинеттен" ұсынылған мәліметтер сұратылып отырған тұлғаның келісімі болған жағдайда, сондай-ақ порталдағы хабарламаға жауап ретінде бір реттік парольді беру жолымен немесе қысқа мәтіндік хабарламаны жіберу жолымен субъектінің порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. |

Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Қолданылу мерзімі – күнтізбелік 10 күн.

"Психиатрия" Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптарға қосымша

**Сведения/Мәлімет (психикалық мінез-құлық бұзылуларымен науқастардың динамикалық бақылауда тұрғаны туралы (немесе динамикалық бақылауда болмауы))**

Берілген күні \_\_\_\_\_

Дата выдачи

Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Ф.И.О. (при его наличии)

Туған күні \_\_\_\_\_

Дата рождения

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Адрес (место жительства)

Динамикалық бақылауда тұратыны (тұрмайтыны) \_\_\_\_\_ состоит/не состоит \_\_\_\_\_

На динамическом наблюдении

Деректер \_\_\_\_\_ ақпараттық жүйесімен берілген

Данные предоставлены информационной системой \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
денсаулық сақтау  
министрлігінің  
кейбір бұйрықтарына  
өзгерістер енгізілетін  
тізбеге  
3-қосымша

"Наркология" Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 4-қосымша

**"Наркология" Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

|     |   |   |
|-----|---|---|
| 1.  | Қызмет берушінің атауы  | Денсаулық сақтау ұйымдары   |
| 2.  | Көрсетілетін қызметті алушының атауы  | Жеке тұлғалар   |
| 3.  | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері  | www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы  |
| 4.  | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі  | Көрсетілетін қызметті алушы порталға сұрау берген сәттен бастап – 30 (отыз) минут   |
| 5.  | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны   | Электрондық (толық автоматтандырылған)  |
| 6.  | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі   | Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы динамикалық бақылауда тұрғаны туралы (немесе динамикалық бақылауда болмауы) қарау режиміндегі мәлімет   |
| 7.  | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін   |
| 8.  | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі  | Портал жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы .   |
| 9.  | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі  | Электрондық сұрау салу  |
| 10. | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер  | Сұрау салу жасалған адамның келісімінің болмауы   |
|     |   | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Үшінші тұлғалардың қызметті алу |

|     |   |   |
|-----|---|---|
| 11. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | <p>шарттары: Порталдағы "жеке кабинеттен" ұсынылған мәліметтер сұратылып отырған тұлғаның келісімі болған жағдайда, сондай-ақ порталдағы хабарламаға жауап ретінде бір реттік парольді беру жолымен немесе қысқа мәтіндік хабарламаны жіберу жолымен субъектінің порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Қолданылу мерзімі – күнтізбелік 10 күн.</p> |
|-----|---|---|

"Наркология" Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптарға қосымша

**Сведения/Мәлімет (наркологиялық науқастардың динамикалық бақылауда тұрғаны туралы ( немесе динамикалық бақылауда болмауы)**

Берілген күні \_\_\_\_\_

Дата выдачи \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Ф.И.О. (при его наличии) \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_

Дата рождения \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Адрес (место жительства) \_\_\_\_\_

Динамикалық бақылауда тұратыны (тұрмайтыны) \_\_\_\_\_ состоит/не состоит \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

На динамическом наблюдении

Деректер \_\_\_\_\_ ақпараттық жүйесімен берілген

Данные предоставлены информационной системой \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы

денсаулық сақтау

министрлігінің

кейбір бұйрықтарына

өзгерістер енгізілетін

тізбеге

4-қосымша

Халықтың шұғыл және

жоспарлы стоматологиялық

көмек алуға жататын жекелеген

санаттарының

тізбесіне қосымша

**Халықтың шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек алуға жататын жекелеген санаттарының тізбесі**

|   |   |
|---|---|
| №   | Шұғыл стоматологиялық көмек алуға жататын халықтың санаттары  |
| 1.  | 18 жасқа дейінгі балалар  |
| 2.  | Жүкті әйелдер   |
| 3.  | Ұлы Отан соғысының ардагерлері  |
| 4.  | 1, 2, 3-топтағы мүгедектігі бар адамдар   |
| 5.  | "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көпбалалы аналар  |
| 6.  | Атаулы әлеуметтік көмекті алушылар  |
| 7.  | Жасы бойынша зейнеткерлер   |
| 8.  | Инфекциялық, әлеуметтік мәні бар аурулармен және айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен ауыратын науқастар |
| 9   | Мүгедектігі бар балаға күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар   |
| 10  | Бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі бар балаға күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар            |
| Жоспарлы стоматологиялық көмек алуға жататын халықтың санаттары |   |
| 1.  | 18 жасқа дейінгі балалар  |
| 2.  | Жүкті әйелдер   |

Қазақстан Республикасы

денсаулық сақтау

министрлігінің

кейбір бұйрықтарына

өзгерістер енгізілетін

тізбеге

5 қосымша

Қазақстан Республикасы

### Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтары

| № п/п | Мақсатты топ  | Скринингтік зерттеулердің түрі   |
|-------|---|--|
| 1     | Артериялық гипертониямен, жүректің ишемиялық ауруымен, қант диабетімен, глаукомамен динамикалық БАҚЫЛАУДА тұрмайтын скринингтік зерттеулерден өтетін 30-дан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер  | Артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін, глаукоманы және мінез-құлықтық қауіп факторларын ерте анықтауға |
| 2     | Жатыр мойнының қатерлі ісіктерімен динамикалық БАҚЫЛАУДА тұрмайтын скринингтік зерттеулерден өтетін 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдер   | Жатыр мойны обырын ерте анықтауға  |
| 3     | Скринингтік зерттеулерден өтетін, сүт безінің қатерлі ісіктерімен динамикалық БАҚЫЛАУДА тұрмайтын 40 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер  | Сүт безі обырын ерте анықтауға   |
| 4     | Скринингтік зерттеулерден өтетін, тоқ ішектің қатерсіз және қатерлі ісіктерімен динамикалық байқауда тұрмайтын 50-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер  | Колоректальды обырды ерте анықтауға  |
| 5     | Тәуекел топтары:<br>1) медицина қызметкерлері:<br>- Қанды қайта өңдеуге қатысатын инвазивтік емшаралар жүргізетін; гемодиализбен айналысатын қан қызметі ұйымдары ;<br>- хирургиялық, стоматологиялық, гинекологиялық, акушерлік, гематологиялық бейіндерде, сондай-ақ диагностика мен емдеудің инвазиялық әдістерін жүргізетін;<br>- клиникалық, иммунологиялық, вирусологиялық, бактериологиялық, паразитологиялық зертханаларда;<br>2) жоспарлы және шұғыл операциялық араласуларға түсетін пациенттер;<br>3) гемодиализ, гематология, онкология, транспланттау, |  |

|   |  |  |
|---|--|--|
|   | жүрек-тамыр және өкпе хирургиясы орталықтары мен бөлімшелерінің пациенттері;   | В және С вирустық гепатиттерін ерте анықтауға (2 кезеңдік) |
| 6 | <p>Тәуекел топтары:</p> <p>1) медицина қызметкерлері:<br/> - Қанды қайта өңдеуге қатысатын инвазивтік емшаралар жүргізетін;<br/> гемодиализбен айналысатын қан қызметі ұйымдары ; ;<br/> - хирургиялық, стоматологиялық, гинекологиялық, акушерлік, гематологиялық бейіндерде, сондай-ақ диагностика мен емдеудің инвазиялық әдістерін жүргізетін;<br/> - клиникалық, иммунологиялық, вирусологиялық, бактериологиялық, паразитологиялық зертханаларда;</p> <p>2) жоспарлы және шұғыл операциялық араласуларға түсетін пациенттер;</p> <p>3) гемодиализ, гематология, онкология, транспланттау, жүрек-тамыр және өкпе хирургиясы орталықтары мен бөлімшелерінің пациенттері;</p> | В және С вирустық гепатиттерін ерте анықтауға (1 сатылы)   |

**Ауыл халқы қатарындағы адамдардың қосымша нысаналы топтары, скринингтік зерттеулерге жататындар**

| № п/п | Мақсатты топ  | Скринингтік зерттеулердің түрі   |
|-------|---|--|
| 7     | Артериялық гипертониямен, жүректің ишемиялық ауруымен динамикалық БАҚЫЛАУДА тұрмайтын скринингтік зерттеулерден өтетін 18-29 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер | Мінез-құлықтық қауіп факторларын, артериялық гипертонияны ерте анықтауға, жүректің ишемиялық ауруы |
| 8     | Скринингтік зерттеулерден өтетін, қант диабетімен динамикалық БАҚЫЛАУДА тұрмайтын 18-ден 29 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер                                     | Қант диабетін ерте анықтауға   |
| 9     | Глаукомамен динамикалық БАҚЫЛАУДА тұрмайтын скринингтік зерттеулерден өтетін 18-29 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер   | Глаукоманы ерте анықтауға  |
| 10    | Асқазан-ішек жолдарының ауруларымен динамикалық БАҚЫЛАУДА тұрмайтын скринингтік зерттеулерден өтетін  |  |



|    |  |  |
|----|--|--|
|    | 18-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер  | Асқазан-ішек жолдарының ауруларын ерте анықтауға |
| 11 | 18 жастан 70 жасқа дейінгі, скринингтік зерттеулерден өтетін, бүйректің созылмалы ауруымен динамикалық БАҚЫЛАУДА тұрмайтын ерлер мен әйелдер                                   | Бүйректің созылмалы ауруларын ерте анықтауға     |
| 12 | Тыныс алу органдарының қатерлі ауруларымен және өкпе туберкулезімен динамикалық БАҚЫЛАУДА тұрмайтын скринингтік зерттеулерден өтетін 50-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер | Тыныс алу ағзаларының ауруларын ерте анықтауға   |
| 13 | 55 жастан 70 жасқа дейінгі, скринингтік зерттеулерден өтетін, қуықасты безінің қатерлі ауруымен динамикалық БАҚЫЛАУДА тұрмайтын ерлер  | Қуықасты безі обырын ерте анықтауға              |

Қазақстан Республикасы  
денсаулық сақтау  
министрлігінің  
кейбір бұйрықтарына  
өзгерістер енгізілетін  
тізбеге  
6-қосымша

Скринингтік зерттеулерді өткізу  
қағидалары, көлемі мен  
кезеңділігіне 1-қосымша

### Халықтың нысаналы топтарының скринингтік зерттеулерінің көлемі

| № | Скринингтік зерттеулердің мақсатты тобы және түрі  | Скринингтік зерттеулер көлемі   | Қызметтер пакетінің атауы |
|---|--|---|---------------------------|
| 1 | Артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін, глаукоманы, мінез-құлықтық қауіп факторларын ерте анықтауға скринингтік | <p>Қабылдау: мейірбике немесе фельдшер</p> <p>Маклаков бойынша көзішілік қысымды өлшеу немесе жанаспайтын пневмотонометрия</p> <p>Экспресс әдісімен қан сарысуындағы жалпы холестеринді анықтау</p> <p>Экспресс әдіспен қан сарысуындағы глюкозаны анықтау</p> <p>Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер</p> | ТМККК                     |

|  |  |   |      |
|--|--|---|------|
|  | зерттеулерге жататын 30-дан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер | немесе жалпы практика дәрігері                | МӘМС |
|  |  | Электрокардиографиялық зерттеу (12 бұрылыста) |      |
|  |  | Кеңес: Кардиолог                              |      |
|  |  | Кеңес: Эндокринолог                           |      |
|  |  | Кеңес: Офтальмолог                            |      |

### Ауыл халқының қосымша скринингтері үшін халықтың нысаналы топтарын скринингтік зерттеулердің көлемі

| №                   | Мақсатты топ  | Скринингтік зерттеулер көлемі  | Қызметтер пакетінің атауы |
|---------------------|---|--|---------------------------|
| 7                   | Жылына 1 рет артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, мінез-құлықтық қауіп факторларын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 18-29 жастағы ерлер мен әйелдер | Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері   | ТМККК                     |
|                     |   | Қабылдау: Мейірбике, фельдшер  |                           |
|                     |   | Экспресс әдісімен қан сарысуындағы жалпы холестеринді анықтау  |                           |
|                     |   | Қан сарысуындағы тығыздығы жоғары липопротеидтерді талдағышта анықтау немесе Қан сарысуындағы тығыздығы жоғары липопротеидтерді қол әдісімен анықтау |                           |
|                     |   | Электрокардиографиялық зерттеу (12 бұрылыста)  |                           |
|                     |   | Кенес: Кардиолог   |                           |
| 8                   | Жылына 1 рет Қант диабетін ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 18-ден 29 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер  | Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері   | ТМККК                     |
|                     |   | Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер  |                           |
|                     |   | Экспресс әдіспен қан сарысуындағы глюкозаны анықтау  | МӘМС                      |
|                     |   | Қандағы гликозилденген гемоглобинді анализаторда анықтау   |                           |
|                     |   | Қалқанша безінің УДЗ   |                           |
| Кенес: Эндокринолог |   |  |                           |

|    |   |   |                                   |
|----|---|---|-----------------------------------|
| 9  | Глаукоманы ерте анықтауға жылына 1 рет скринингтік зерттеуге жататын 18-29 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер                           | <p>Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері</p> <p>Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер</p> <p>Маклаков бойынша көзішілік қысымды өлшеу (1 көз)</p>  | ТМККК                             |
| 12 | 50-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер жылына 1 рет тыныс алу органдарының ауруларын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын | <p>Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері</p> <p>Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер</p> <p>Диагностикалық флюорография (1 проекция)</p> <p>Кенес: Фтизиатр</p> <p>Кеуде қуысының шолу органдарының рентгенографиясы (1 проекция)</p> <p>Кеуде қуысы мен көкірек қуысы ағзаларының компьютерлік томографиясы</p> <p>Кенес: Онколог</p>  | ТМККК<br><br><br><br><br><br>МӘМС |
| 10 | Асқазан-ішек жолы ауруларын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 18-ден 70 жасқа дейінгі                                     | <p>Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері</p> <p>Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер</p> <p>Қан сарысуындағы жалпы билирубинді анализаторда анықтау немесе Қан сарысуындағы жалпы билирубинді қол әдісімен анықтау</p> <p>Қан сарысуындағы аланинаминотрансферазаны (АЛаТ) талдағышта анықтау</p> <p>Қан сарысуындағы аспартатаминотрансферазаны (АСаТ) талдағышта анықтау немесе Қан</p> | ТМККК<br><br><br><br>ТМККК        |

|    |  |  |       |
|----|--|--|-------|
|    | ерлер мен әйелдер жылына 1 рет   | сарысуындағы аланинаминотрансферазаны (АЛаТ) қол әдісімен анықтау  |       |
|    |  | Фиброзофагогастроудоскопия   | МӘМС  |
|    |  | Гепатобилиопанкреатиялық аймақтың УДЗ (бауыр, өт қабы, ұйқы безі, көкбауыр)  |       |
|    |  | Экспресс әдіспен нәжісте жасырын қанды анықтау (гемокульт-тест)  |       |
|    |  | Скринингтік жаппай бейне колоноскопия  |       |
|    |  | Кенес: Гастроэнтеролог   |       |
| 11 | Созылмалы бүйрек ауруларын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 18-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер, жылына 1 рет | Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері   | ТМҚҚҚ |
|    |  | Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер  |       |
|    |  | Анализаторда несептің жалпы талдауын зерттеу (несеп тұнбасының жасушалық элементтерінің санын есептей отырып, физикалық-химиялық қасиеттері) немесе несептің жалпы талдауын зерттеу қол әдісімен анықтау |       |
|    |  | Қан сарысуындағы креатининді анализаторда анықтау немесе Қан сарысуындағы креатининді қол әдісімен анықтау   | МӘМС  |
|    |  | Бүйректі, қуықты қалдық несепті анықтаумен УДЗ   |       |
|    |  | Кенес: Уролог  |       |
|    |  | Кенес: Нефролог  |       |
|    |  | Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері   | ТМҚҚҚ |
|    |  | Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер  |       |

|    |  |  |       |
|----|--|--|-------|
| 13 | Қуықасты безі обырын ерте анықтауға скринингтік зерттеуге жататын 55 жастан 70 жасқа дейінгі ерлер 2 жылда 1 рет | <p>Қан сарысуындағы жалпы простатқа тән антигенді (ПСА) ИФТ-әдісімен анықтау</p> <p>Қуық асты безі мен қуықтың қалдық несепті анықтаумен трансабдоминальді УДЗ</p> <p>Эндоскопиялық шымшу биопсиясы</p> <p>1 блок-препаратты гистологиялық зерттеу 3 күрделілік санатындағы операциялық-биопсиялық материалды зерттеу</p> <p>Кенес: Хирург</p> <p>Кенес: Уролог</p>  | МӘМС  |
| 14 | Сүт безі обырын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 40-тан 70 жасқа дейінгі әйелдер                  | <p>К е н е с :<br/>Акушер-гинеколог</p> <p>К е н е с ( 2<br/>рентгенограмманы оқу):<br/>Рентгенолог</p> <p>Кенес: Онколог/<br/>Онколог-хирург</p> <p>Кенес: Маммолог</p> <p>Сүт бездерін УДЗ</p> <p>Мақсатты маммография ( 1 проекция)</p> <p>Стереотаксикалық бақылаудағы пункциялық / аспирациялық биопсия</p> <p>Трепанобиопсия</p> <p>1 блок-препаратты гистологиялық зерттеу 3 күрделілік санатындағы операциялық-биопсиялық материалды зерттеу</p> | МӘМС  |
|    |  | Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері   | ТМҚҚК |
|    |  | Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер  |       |
|    |  | Маммография (4 сурет)  |       |

Қазақстан Республикасы  
денсаулық сақтау  
министрлігінің  
кейбір бұйрықтарына  
өзгерістер енгізілетін

тізбеге  
7-қосымша  
Скринингтік зерттеулерді өткізу  
қағидалары, көлемі мен  
кезеңділігіне 2-қосымша

**В және С вирустық гепатиттері мен онкологиялық ауруларды ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын халықтың нысаналы топтарының скринингтік зерттеулерінің көлемі**

| № | Скринингтік зерттеулердің мақсатты тобы және түрі   | Қызметтің атауы  | Қызметтер пакетінің атауы |
|---|---|--|---------------------------|
| 3 | Сүт безі обырын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 40-тан 70 жасқа дейінгі әйелдер | <p>К е н е с :<br/>Акушер-гинеколог</p> <p>К е н е с ( 2<br/>рентгенограмманы оқу):<br/>Рентгенолог</p> <p>Кенес: Онколог/<br/>Онколог-хирург</p> <p>Кенес: Маммолог</p> <p>Сүт бездерін УДЗ</p> <p>Мақсатты маммография ( 1 проекция)</p> <p>Стереотаксикалық бақылаудағы пункциялық / аспирациялық биопсия</p> <p>Трепанобиопсия</p> <p>1 блок-препаратты гистологиялық зерттеу 3 күрделілік санатындағы операциялық-биопсиялық материалды зерттеу</p> <p>Маммография (4 сурет)</p> <p>Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері</p> <p>Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер немесе акушерка</p> | <p>МӘМС</p> <p>ТМККК</p>  |
|   |   | <p>К е н е с :<br/>Акушер-гинеколог</p> <p>Кенес: Онколог немесе онколог-хирург немесе онколог-гинеколог</p> <p>Видеокольпоскопия либо кольпоскопия</p> <p>Жатыр мойны биопсиясы</p>   |                           |

|   |  |  |                          |
|---|--|--|--------------------------|
| 2 | Жатыр мойны обырын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдер             | <p>1 блок-препаратты гистологиялық зерттеу 3 күрделілік санатындағы операциялық-биопсиялық материалды зерттеу</p> <p>Жатыр мойнынан жағындыны цитологиялық зерттеу Пап-тест не жатыр мойнынан жағындыны цитологиялық зерттеу сұйықтық цитология аппаратындағы ПАП-тест</p> <p>Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері</p> <p>Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер немесе акушерка</p> <p>Онкоцитологияға сүртінді алу</p>  | <p>МӘМС</p> <p>ТМККК</p> |
| 4 | Колоректалдық обырды ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 50-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер | <p>Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер</p> <p>Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері</p> <p>Экспресс әдіспен нәжісте жасырын қанды анықтау (геокульт-тест)</p> <p>Скринингтік жаппай бейне колоноскопия</p> <p>Эндоскопическая щипковая биопсия</p> <p>1 блок-препаратты гистологиялық зерттеу 3 күрделілік санатындағы операциялық-биопсиялық материалды зерттеу</p> <p>Кенес: Онколог немесе онколог-хирург</p> <p>Кенес: Хирург</p> <p>Кенес: Гастроэнтеролог</p> <p>Кенес: Проктолог</p> | <p>ТМККК</p> <p>МӘМС</p> |
|   |  | Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер немесе акушерка  |                          |

|   |  |  |       |
|---|--|--|-------|
| 5 | В және С вирустық гепатиттерін ерте анықтауға қауіп тобындағы адамдарды скринингтік зерттеу (2 кезеңдік)                       | Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері               | ТМҚҚҚ |
|   |  | Тамырдан қан алу   |       |
|   |  | Қан сарысуындағы HBsAg ИФТ-әдісімен анықтау  | МӘМС  |
|   |  | Қан сарысуындағы С гепатиті вирусына антиденелерді ИФТ-әдісімен жиынтық анықтау    |       |
|   |  | Жоғары сапалы ПТР әдісімен биологиялық материалда С гепатиті вирусының РНҚ анықтау |       |
| 6 | В және С вирустық гепатиттерін ерте анықтауға қауіп тобынан иммунокомпromетирленген тұлғаларды скринингтік зерттеу (1 кезеңді) | Қабылдау: Мейірбике немесе фельдшер немесе акушерка                                | ТМҚҚҚ |
|   |  | Тамырдан қан алу   |       |
|   |  | Қабылдау: Терапевт, Отбасылық дәрігер немесе жалпы практика дәрігері               | МӘМС  |
|   |  | Қан сарысуындағы HBsAg ИФТ-әдісімен анықтау  |       |
|   |  | Қан сарысуындағы IgG-ді HBsAg-қа ИФТ-әдісімен анықтау                              |       |
|   |  | Қан сарысуындағы IgM HBsAg ИФТ-әдісімен анықтау                                    |       |
|   |  | Қан сарысуындағы С гепатиті вирусына антиденелерді ИФТ-әдісімен жиынтық анықтау    |       |
|   |  | Жоғары сапалы ПТР әдісімен биологиялық материалда С гепатиті вирусының РНҚ анықтау |       |

Қазақстан Республикасы  
денсаулық сақтау  
министрлігінің  
кейбір бұйрықтарына  
өзгерістер енгізілетін  
тізбеге  
8-қосымша



### Халықтың скринингтік зерттеулерін аяқтау мерзімділігі мен мерзімдері

| № | Наименование целевой группы   | Периодичность            | Срок завершения исследования |
|---|---|--------------------------|------------------------------|
| 1 | Артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін, глаукоманы, мінез-құлықтық қауіп факторларын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 30-дан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер | 2 жылда 1 рет            | 60 күн                       |
| 2 | Жатыр мойны обырын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдер  | 4 жылда 4 рет            | 60 күн                       |
| 3 | Сүт безі обырын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 40-тан 70 жасқа дейінгі әйелдер   | 2 жылда 1 рет            | 60 күн                       |
| 4 | Колоректалдық обырды ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 50-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер  | 2 жылда 1 рет            | 60 күн                       |
| 5 | В және С вирустық гепатиттерін ерте анықтауға азаматтардың декреттелген санаттары (2 кезеңдік)  | 6 айда 1 реттен жиі емес | 3 ай                         |
| 6 | В және С вирустық гепатиттерін ерте анықтауға азаматтардың иммунокомпрометирленген декреттелген санаттары (1-кезең)   | 6 айда 1 реттен жиі емес | 3 ай                         |

### Ауыл тұрғындары үшін қосымша скринингтік зерттеулерді аяқтау мерзімділігі мен мерзімдері

| № | Нысаналы топтың атауы | Периодичность | Зерттеудің аяқталу мерзімі |
|---|-----------------------|---------------|----------------------------|
|   |                       |               |                            |

|    |  |               |        |
|----|--|---------------|--------|
| 7  | Артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын және мінез-құлықтық қауіп факторларын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 18-ден 29 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер | 1 жылда 1 рет | 60 күн |
| 8  | 18 жастан 29 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер қант диабетін ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын әйелдер   | 1 жылда 1 рет | 60 күн |
| 9  | Мужчины и женщины в возрасте от 18 до 29 лет подлежащие скрининговым исследованиям на раннее выявление глаукомы  | 1 жылда 1 рет | 60 күн |
| 10 | 50-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер тыныс алу органдарының ауруларын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын   | 1 жылда 1 рет | 30 күн |
| 11 | Асқазан-ішек ауруларын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 18-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер   | 1 жылда 1 рет | 60 күн |
| 12 | Бүйректің созылмалы ауруларын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 18-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер  | 1 жылда 1 рет | 60 күн |
| 13 | Қуық асты безінің қатерлі ісігін ерте анықтауға скринингтік зерттеулерге жататын 55-тен 70 жасқа дейінгі ерлер   | 1 жылда 1 рет | 60 күн |

Қазақстан Республикасы  
денсаулық сақтау  
министрлігінің  
кейбір бұйрықтарына  
өзгерістер енгізілетін  
тізбеге  
9-қосымша  
Еңбекке уақытша

жарамсыздыққа  
сараптама жүргізу, сондай-ақ  
еңбекке уақытша жарамсыздық  
парағын немесе анықтамасын  
беру қағидаларына  
1 қосымша

| "Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесі |   |  |
|--|---|--|
| 1  | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы   | Денсаулық сақтау субъектілері.   |
| 2  | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері   | 1) көрсетілетін қызметті беруші (тікелей жүгінген кезде);<br>2) "Электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал).   |
| 3  | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі  | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде немесе портал арқылы - құжатты тапсырған сәттен бастап 30 (отыз) минуттан аспайды.  |
| 4  | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны   | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.  |
